

"Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 353 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 15 мамырдағы № 295 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 18 мамырда № 20657 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 353 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11704 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13-бабының 23-11) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2020 жылғы 15 мамырдағы
№ 295 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 27 наурыздағы
№ 353 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 13-бабының 23-11) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында автомобиль тасымалдарының рұқсат беру жүйесін халықаралық қатынаста қолдану тәртібін айқындайды.

2. Қағидалар меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде мынадай автокөлік құралдарына иелік ететін отандық және шетел тасымалдаушыларына қолданылады:

1) автобустар, шағын автобустар;

2) жүк автомобильдері (олардың тіркемені қоса алғанда рұқсат етілетін жалпы салмағы 6 тоннадан астам немесе тіркемені қоса алғанда рұқсат етілетін пайдалы жүктемесі 3,5 тоннадан астам);

3) мамандандырылған автомобильдер (белгілі бір жүк түрін тасымалдауға арналған);

4) арнайы автомобильдер (әртүрлі, көбінесе көліктік емес жұмыстарды орындауға арналған).

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) автокөлік құралдарына рұқсат беру карточкасы - автокөлік құралын жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарында пайдалануға рұқсат беретін құжат;

2) жолсапар - автокөлік құралдарының жөнелту пунктінен межелі пунктіне жүруі және жөнелту пунктіне кері оралуы;

3) жүктердің халықаралық автомобильмен тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігі - Қазақстан Республикасының автомобиль тасымалдаушыларына жүктердің халықаралық автомобильмен тасымалдарын жүзеге асыруға құқық беретін құжат;

4) көрсетілетін қызметті алушы - халықаралық автомобильмен тасымалдарын жүзеге асыратын отандық және шетелдік тасымалдаушылар;

5) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің аумақтық органдары;

6) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты - мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі;

7) отандық рұқсат - Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің тасымалдаушыларына Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өтуіне рұқсат (келуге, кетуге және транзитпен жүріп өтуіне әмбебап рұқсат, сондай-ақ үшінші елдердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына немесе Қазақстан Республикасының аумағынан үшінші елдердің аумағына тасымалдаулар);

8) отандық тасымалдаушы - Қазақстан Республикасы ратификациялаған, Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасындағы халықаралық автомобильді қатынастар туралы халықаралық келісімшарттарына сәйкес шет мемлекеттің аумағындағы халықаралық автомобильді тасымалдауды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

9) рейс - автокөлік құралдарының жөнелту пунктінен межелі пунктіне дейін жүріп өтуі;

10) рұқсат беру құжаты - Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүру құқығын растайтын құжат (отандық немесе шетелдік рұқсат, арнайы рұқсат);

11) рұқсат бланкілерімен алмасу квотасы (бұдан әрі - алмасу квотасы) - шет мемлекеттермен алмасу үшін келісілген шетелдік рұқсаттардың саны;

12) транзиттік жүріп өту (транзит) - жөнелту және межелі пункттері осы мемлекеттің аумағынан тыс орналасқан мемлекеттің аумағы арқылы жүкпен немесе жүксіз автокөлік құралдарының жүріп өтуі;

13) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті;

14) үшінші елдердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына немесе Қазақстан Республикасының аумағынан үшінші елдердің аумағына тасымалдаулар - автокөлік құралының тіркелу мемлекеті болып табылмайтын екі мемлекет арасында жолаушыларды, багажды немесе жүктерді тасымалдау;

15) шетелдік рұқсат - Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағымен жүріп өтуіне рұқсат (келуге, кетуге және транзитпен жүріп өтуіне әмбебап рұқсат, сондай-ақ екінші елдің аумағынан үшінші елдің аумағына тасымалдаулар);

16) шетелдік тасымалдаушы - Қазақстан Республикасы ратификациялаған, Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасындағы халықаралық автомобильді қатынастар туралы халықаралық келісімшарттарға сәйкес шет мемлекеттің аумағындағы халықаралық автомобильді тасымалдауды жүзеге асыратын шетелдік жеке және заңды тұлғалар.

4. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының жүріп өтуіне рұқсат беру жүйесі Заңда, Қазақстан Республикасы ратификациялаған Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы туралы халықаралық шарттарда (бұдан әрі - Келісім) және осы Қағидаларда айқындалады.

5. Жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының шет мемлекеттің аумағына (аумағынан) кіруі (шығуы), шет мемлекеттің аумағы арқылы транзиті мынадай түрлердегі шетелдік рұқсаттардың негізінде жүзеге асырылады:

1) жүктерді тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттар;

2) жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттар;

3) күнтізбелік бір жылға қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттар.

6. 1992 жылғы 26 қыркүйекте жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімге сәйкес отандық тасымалдаушылар Қытай Халық Республикасының аумағына автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде мыналар қажет:

1) жолаушылар (туристерді қоса алғанда) мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды орындаған кезде, отандық тасымалдаушыға тасымалды жөнелту пунктінен межелі пунктке дейін күнтізбелік бір жыл қолдану мерзімімен "А" түрінің рұқсаты;

2) баратын және кері қайтатын бір рейсті орындауға құқығы бар өткізу пункттері ауданында шекара маңындағы терминалдар арасында жолаушылар (туристерді қоса алғанда) мен багаждың тұрақты емес автомобиль тасымалын орындау кезінде "В" түрінің рұқсаты;

3) баратын және кері қайтатын кері бір рейсті орындауға құқығы бар өткізу пункттері ауданында шекара маңындағы терминалдар арасында жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде "С" түрінің рұқсаты;

4) анықталған маршруттар бойынша жүктерді автомобиль көлігімен баратын және кері қайтатын бір рейсті орындау құқығымен тасымалдау кезінде "D" түрінің рұқсаты.

"А", "В", "С", "D" түріндегі рұқсаттар ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

2-тарау. Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдарында рұқсат беру жүйесін қолдану тәртібі 1-параграф. Шетелдік рұқсаттарды алмасу және үлестіру квотасын айқындау

7. Уәкілетті органның аумақтық органдары (бұдан әрі - аумақтық органдар) жыл сайын 10 тамызға дейінгі мерзімде бұқаралық ақпарат құралдары және интернет-ресурстар арқылы шетелдік рұқсаттамаларға жылдық өтінімдерді қабылдаудың басталуы туралы отандық тасымалдаушыларды хабарландырады.

Жылдық өтінімдерді отандық тасымалдаушылар "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) немесе www.elicense.kz "Е-лицензиялау" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы береді.

8. Отандық тасымалдаушылардан жылдық өтінімдер жыл сайын 30 қыркүйекке дейінгі мерзімде қабылданады.

Жылдық өтінімде:

1) отандық тасымалдаушының жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі және атауы;

2) елдер және орындалатын тасымалдардың түрлері бөлінісінде шетелдік рұқсаттарды ықтимал пайдаланудың саны қамтылады.

9. Алмасу квотасы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) интернет-ресурсында орналастырылады.

10. Шетелдік рұқсат бланкілерімен алмасу квотасын белгілеу мәселесі бойынша тиісті мемлекеттердің құзыретті органдарымен келіссөздер жүргізуді қамтамасыз ету үшін уәкілетті орган ағымдағы жылғы 10 қазанға дейінгі мерзімде отандық

тасымалдаушылардың шетелдік рұқсаттарға деген қажеттілігінің саны туралы жалпы жиынтық жылдық өтінімді қалыптастырады.

11. Уәкілетті орган шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен рұқсат құжаттармен алмасу квотасын және олардың қолданылу мерзімін келіседі.

12. Уәкілетті орган шет мемлекеттердің құзыретті органдарына отандық рұқсат бланкілерін беруді отандық тасымалдаушылар үшін шетелдік рұқсаттарды шетелдік құзыретті органдармен жүргізілген келіссөз хаттамаларында айтылған мөлшерде алуды жүзеге асырады.

13. Шетелдік рұқсаттар аумақтық органдарға бөлуге жатады.

14. Аумақтық органдар шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен келісілген белгіленген маршруттар мен осы маршруттар бойынша жүру кестесін ескере отырып, күнтізбелік бір жыл қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды үлестіреді.

15. Аумақтық органдар бөлінісінде бөлінген шетелдік рұқсаттардың саны туралы мәліметтер Министрліктің интернет-ресурсында және (немесе) әлеуметтік желілерде 10 қаңтарға дейін орналастырылады, сондай-ақ аумақтық органдарға берілген рұқсаттардың санын және отандық тасымалдаушылар аумақтық органдарға тапсырған шетелдік рұқсаттардың санын көрсете отырып, берілген шетелдік рұқсаттар туралы деректер Министрліктің интернет-ресурсында тоқсан сайын орналастырылады.

16. Отандық тасымалдаушылардың шетелдік рұқсаттардың бланкілеріне белгіленген алмасу квотасынан тыс қажеттілігі туындаған жағдайда уәкілетті орган шет мемлекеттің құзыретті органдарымен хат алмасу арқылы ағымдағы жылға тиісті шетелдік рұқсат бланкілерімен алмасу квотасын келіседі.

2-параграф. Отандық тасымалдаушыларға шетелдік рұқсаттарды беру

17. Отандық тасымалдаушыларға шетелдік рұқсаттарды ресімдеуді және беруді аумақтық органдар жүзеге асырады.

18. Отандық тасымалдаушылар болып табылатын жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушылар) "Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы арқылы жүріп өтуіне рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) алу үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға, жүктерді тасымалдауға арналған шетелдік рұқсатты алуға өтінішті (бұдан әрі - шетелдік рұқсатты алуға арналған өтініш) Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы аумақтық органдарға жібереді.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге

де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы арқылы жүріп өтуіне рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында баяндалған.

Мыналар арқылы жүгінген кезде:

1) Мемлекеттік корпорация:

жеке басын куәландыратын құжат ұсынылады (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі).

Мемлекеттік корпорация қызметкері электрондық көшірмелерді құжаттардың түпнұсқасынан шығарады, содан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Шетелдік рұқсатты алуға өтініш "Халыққа қызмет көрсету орталықтарына арналған интеграцияланған ақпараттық жүйе" ақпараттық жүйесінде тіркеледі және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдау нөмірі мен күні және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетілген тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

2) портал:

порталда көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау жолданады.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен мекенжайын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Отандық тасымалдаушы өтініште және ұсынылатын құжаттардағы мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

19. Аумақтық органдар отандық тасымалдаушыларға жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға, жүктерді тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды:

1) халықаралық автомобильдік тасымалдауын жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігі болған кезде;

2) жүктердің тасымалын жүзеге асыру кезінде ұсынылған автокөлік құралдарына рұқсат беру карточкасы болған кезде;

3) жолаушыларды облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензиясы болған кезде;

4) шетелдік рұқсаттарды автоматты бөлу жүйесінде шетелдік рұқсаттарды бөлу кезде;

5) отандық тасымалдаушыға хабарламаны жолдаған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде шетелдік рұқсаттың тиісті бағанына енгізу үшін автокөлік құралының маркасы мен мемлекеттік нөмірі туралы мәліметті ұсыну және алым соммасының төленген кезде;

б) отандық тасымалдаушымен осы тасымалдаушының рұқсат карточкасында көрсетілмеген автокөлік құралына шетелдік рұқсатты қолдану фактісінің болмауы, сондай-ақ соңғы алты ай ішінде отандық тасымалдаушының шетелдік рұқсатты басқа отандық тасымалдаушыға беру фактісінің болмауы кезде береді.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жылжымалы мүлікке құқық белгілейтін құжаттар, жүктерді халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру туралы куәлік, автокөлік құралдарына рұқсат карточкалары, жолаушыларды облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау (жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыру кезінде) жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияны, жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауды, халықаралық қатынаста жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығуы үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжатты (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші немесе Мемлекеттік корпорация қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы 18-тармақтың екінші бөлігінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

20. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, шетелдік рұқсатты алуға арналған өтінішті қарау, сондай-ақ берілетін шетелдік рұқсаттар санын есептеу пайдаланылатын, қайтарылған, жоғалған, қайтарылмаған, шетелдік рұқсаттардың мерзімдерін бұза отырып қайтарылған жылжымалы құрамның (тіркемелерді, жартылай тіркемелерді және жүкті түсіру үшін механикалық көлбеу өздігінен тиелетін автомобильдерді есепке алмай) санын ескере отырып, шетелдік рұқсат бланкілерін автоматты бөлу жүйесін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Бланкілерді автоматты бөлу жүйесімен міндетті техникалық байқаудан өтпеген және (тахографтың мерзімдік тексеруден өту мерзімі өтіп кеткен) автокөлік құралдарының рұқсат ету карточкалары ескерілмейді.

Есеп айырысу әрбір ел және шетелдік рұқсаттардың түрлері бойынша бөлек жүргізіледі.

Ұсынылған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға халықаралық қатынаста жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығуы үшін алым сомасын төлеу үшін хабарлама (бұдан әрі - хабарлама) немесе осы Қағидалардың 29-тармағының 1) - 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жіберіледі.

Халықаралық қатынаста жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығуы үшін алым сомасын (бұдан әрі - алым сомасы) төлеу үшін құжаттарды қарау және хабарлама беру мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Алым сомасы мақұлданған шетелдік рұқсаттардың санын айқындау нәтижелері бойынша төленуге жатады.

Отандық тасымалдаушы хабарлама алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде халықаралық қатынаста жолаушылар, жүктер және багаж тасымалын жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасы аумағынан шыққаны үшін төлеген алым сомасының түбіртегімен бірге аумақтық органға шетел рұқсаттарының тиісті графасына енгізу үшін автокөлік құралының мемлекеттік номері мен маркасы туралы мәліметтерді береді.

21. Отандық тасымалдаушыларға шетелдік рұқсат бланкілерін беру (көрсетілетін қызметті берушіге алым сомасының республикалық бюджетке төленгенін растайтын төлем құжаты келіп түскен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде) аумақтық органға алым сомасының төленгені туралы төлем құжаты келіп түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері туралы хабарлама (бұдан әрі - хабарлама) көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында пайдаланушының кабинетіне жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға хабарламаны қағаз жеткізгіште алу үшін жүгінген жағдайда, хабарлама басып шығарылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің дұрыстығын www.egov.kz порталында тексеруге болады.

22. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне түседі.

23. Уәкілетті ұйымның құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым уәкілетті ұйым не көлік саласындағы уәкілетті орган басшысының атына берілуі мүмкін.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес уәкілетті ұйымның не көлік саласындағы уәкілетті органның атына келіп түскен әзірлеушінің шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен әзірлеушінің шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Уәкілетті ұйым шешімінің нәтижелерімен келіспеген жағдайда әзірлеуші нәтижелерге сот тәртібімен шағымдана алады.

24. Алынған шетелдік рұқсаттарды отандық тасымалдаушы осы отандық тасымалдаушының рұқсат карточкаларында көрсетілген автокөлік құралына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына жаңадан сатып алынған және айдалатын автокөлік құралына пайдаланады.

Отандық тасымалдаушының шетелдік рұқсат бланкілерін басқа отандық тасымалдаушыға беруге жол берілмейді.

Отандық тасымалдаушының айдалатын автокөлік құралдарынан басқа, осы тасымалдаушының рұқсат карточкасында көрсетілмеген автокөлік құралдарына шетелдік рұқсаттарды пайдалануына жол берілмейді.

Рұқсат беру куәлігінің қолданылуы тоқтатылған немесе тоқтатылған кезде отандық тасымалдаушы алынған шетелдік рұқсаттарды қайтарады.

25. Отандық тасымалдаушы жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға және жүктерді тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды алған сәттен бастап пайдалануға қарамастан күнтізбелік елу күннен кешіктірмей оларды берген орны бойынша аумақтық органға қайтаруы тиіс.

Отандық тасымалдаушылар шетелдік рұқсаттарды осы рұқсаттарды қоса бере отырып, қайтару күні, шетелдік рұқсаттардың нөмірі көрсетілген еркін нысанда жасалған ілеспе хатпен қайтарады.

Шетелдік рұқсат жоғалған жағдайда отандық тасымалдаушылар ішкі істер органдарында тіркелген өтініштердің немесе көрсетілген рұқсаттардың жоғалғаны және жарамсыздығы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландырулардың орналастырылғанын растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, жоғалғаны туралы аумақтық органдарға жазбаша нысанда хабарлайды.

Жоғалғаны туралы хабарламаны аумақтық органға ұсыну мерзімі күнтізбелік елу күннен аспауы тиіс.

Елдер мен түрлер бөлінісінде отандық тасымалдаушыдан шетелдік рұқсаттарды алуға арналған өтінімдерді қарау кезінде шетелдік рұқсаттардың мәлімделген саны осы Қағидаларда белгіленген мерзімде жоғалған және (немесе) қайтарылмаған немесе мерзімін бұза отырып, орындалған шетелдік рұқсаттардың санына мөлшерлес азайтылады.

26. Қайтарылған шетелдік рұқсаттар аумақтық органдарда қайтарылған сәттен бастап үш жыл бойы сақталады.

27. Аумақтық органдар елдер бөлінісінде берілген, қайтарылған және жоғалған шетелдік рұқсаттардың есебін жүргізеді.

Қайтарылған шетелдік рұқсаттарды есепке алу көліктік дерекқордың ақпараттық талдау жүйесінде және тасымалдар қауіпсіздігі серпінінің мониторингінде (бұдан әрі - ТБД АТЖ) жүзеге асырылады және мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі;
- 2) отандық тасымалдаушының атауы;
- 3) рұқсат түрі;
- 4) рұқсаттың қолданылу мерзімі;
- 5) рұқсатты қайтару күні;
- 6) қайтарылған шетелдік рұқсаттың нөмірі.

28. Аумақтық органдар отандық тасымалдаушылардан өтінімдердің келіп түсуіне қарай КДҚ АТЖ пайдалана отырып, белгіленген мерзімде қызмет көрсетуді, сондай-ақ қайтарылған шетелдік рұқсаттар туралы мәліметтерді бір жұмыс күні ішінде енгізуді қамтамасыз етеді.

29. Отандық тасымалдаушыға шетелдік рұқсатты беруден:

- 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
- 3) аумақтық органдарда шетелдік рұқсаттардың болмауы;
- 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы.

30. Отандық тасымалдаушыға шетелдік рұқсатты беру кезінде бланкінің тиісті бағандарына тасымалдаушының атауы, заңды мекенжайы жазылады және мөр (мөртабан) және рұқсат берген адамның қолы қойылады.

Шетелдік рұқсатты Қазақстан Республикасымен шектесетін елдерге, оның ішінде рұқсат бланкілерімен алмасу квотасы отандық тасымалдаушылар өткен жылы нақты пайдаланған шетелдік рұқсаттардан аз елдерге берген кезде бланкінің тиісті бағандарына тасымалдаушының атауы, автокөлік құралының заңды мекенжайы, маркасы мен мемлекеттік нөмірі жазылады және рұқсат берген адамның мөрі (мөртабаны) мен қолы қойылады.

Шетелдік рұқсаттарда түзетуге жол берілмейді.

3-параграф. Күнтізбелік бір жылға қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды отандық тасымалдаушыларға беру

31. Күнтізбелік бір жылға қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды отандық тасымалдаушыларға ресімдеуді және беруді аумақтық органдар жүзеге асырады.

32. Отандық тасымалдаушылар болып табылатын жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушылар) "Халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағына (аумағынан) кіруге (кетуге) рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) алу үшін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша күнтізбелік бір жылға қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды отандық тасымалдаушыларға алуға өтінішті (бұдан әрі - күнтізбелік бір жылға қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды алуға арналған өтініш) Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы аумақтық органдарға жібереді.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес "Халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағына (аумағынан) кіруге (кетуге) рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында баяндалған.

Мыналар арқылы жүгінген кезде:

1) Мемлекеттік корпорация:

жеке басын куәландыратын құжат ұсынылады (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);

шетелдік тасымалдаушымен бірлескен қызмет туралы шарттың көшірмесі.

Мемлекеттік корпорация қызметкері электрондық көшірмелерді құжаттардың түпнұсқасынан шығарады, содан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Күнтізбелік бір жылға қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды алуға арналған өтініш "Халыққа қызмет көрсету орталықтарына арналған интеграцияланған ақпараттық жүйе" ақпараттық жүйесінде тіркеледі және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдау нөмірі мен күні және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетілген тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

2) портал:

порталда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау жолданады.

шетелдік тасымалдаушымен бірлескен қызмет туралы шарттың электронды көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен мекенжайын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Отандық тасымалдаушы өтініште және ұсынылатын құжаттардағы мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

33. Аумақтық органдар отандық тасымалдаушыларға күнтізбелік бір жылға қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды:

1) шетелдік тасымалдаушымен бірлескен қызмет туралы шарттың көшірмесі болған кезде;

2) жолаушыларды облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензиясы болған кезде;

3) шетелдік рұқсаттарды автоматты бөлу жүйесінде жолаушылар мен багажды тасымалдау мерзімі күнтізбелік бір жылға жарамды шетелдік рұқсаттарды бөлу кезде;

4) отандық тасымалдаушыға хабарламаны жолдаған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде шетелдік рұқсаттың тиісті бағанына енгізу үшін автокөлік құралының маркасы мен мемлекеттік нөмірі туралы мәліметті ұсыну және алым соммасының төленген кезде.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жылжымалы мүлікке құқық белгілейтін құжаттар, жолаушыларды облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық) және

халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау (жолаушылар мен багажды халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде) жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияны, жолаушылар мен багажды халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдауды отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығуы үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжатты (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші немесе Мемлекеттік корпорация қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы 32-тармақтың екінші бөлігінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

34. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, күнтізбелік бір жылға қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды алуға арналған өтінішті қарау, сондай-ақ берілетін күнтізбелік бір жылға қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттар санын есептеу пайдаланылатын, қайтарылған, жоғалған, қайтарылмаған, шетелдік рұқсаттардың мерзімдерін бұза отырып қайтарылған жылжымалы құрамның санын ескере отырып, шетелдік рұқсат бланкілерін автоматты бөлу жүйесін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Бланкілерді автоматты бөлу жүйесімен міндетті техникалық байқаудан өтпеген автобустар, шағын автобустар ескерілмейді.

Ұсынылған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға халықаралық қатынаста жолаушылар мен жүктерді тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығуы үшін алым сомасын төлеу үшін хабарлама (бұдан әрі - хабарлама) немесе осы Қағидалардың 42-тармағының 1) - 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жіберіледі.

Халықаралық қатынаста жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығуы үшін алым сомасын (бұдан әрі - алым сомасы) төлеу үшін құжаттарды қарау және хабарлама беру мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Алым сомасы мақұлданған шетелдік рұқсаттардың санын айқындау нәтижелері бойынша төленуге жатады.

35. Отандық тасымалдаушыларға шетелдік рұқсат бланкілерін беру (көрсетілетін қызметті берушіге алым сомасының республикалық бюджетке төленгенін растайтын

төлем құжаты келіп түскен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде) аумақтық органға алым сомасының төленгені туралы төлем құжаты келіп түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері туралы хабарлама (бұдан әрі - хабарлама) көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында пайдаланушының кабинетіне жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға хабарламаны қағаз жеткізгіште алу үшін жүгінген жағдайда, хабарлама басып шығарылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің дұрыстығын www.egov.kz порталында тексеруге болады.

36. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне түседі.

37. Уәкілетті ұйымның құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым уәкілетті ұйым не көлік саласындағы уәкілетті орган басшысының атына берілуі мүмкін.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес уәкілетті ұйымның не көлік саласындағы уәкілетті органның атына келіп түскен әзірлеушінің шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен әзірлеушінің шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Уәкілетті ұйым шешімінің нәтижелерімен келіспеген жағдайда әзірлеуші нәтижелерге сот тәртібімен шағымдана алады.

38. Отандық тасымалдаушының күнтізбелік бір жылға қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсат бланкілерін басқа отандық тасымалдаушыға беруіне жол берілмейді.

Күнтізбелік бір жыл қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттар олардың қолдану мерзімдері аяқталған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей аумақтық органға қайтаруға жатады.

Отандық тасымалдаушылар күнтізбелік бір жыл қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды осы рұқсаттарды қоса бере отырып, қайтару күні, шетелдік рұқсаттардың нөмірі көрсетілген, еркін нысанда жасалған ілеспе хатпен қайтарады.

Күнтізбелік бір жыл қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсат жоғалған жағдайда отандық тасымалдаушылар ішкі істер органдарында тіркелген өтініштердің немесе көрсетілген рұқсаттардың жоғалғаны және жарамсыздығы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландырулардың орналастырылғанын растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, жоғалғаны туралы аумақтық органдарға жазбаша нысанда хабарлайды.

Жоғалғаны туралы хабарламаны аумақтық органға ұсыну мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспауы тиіс.

Отандық тасымалдаушыдан күнтізбелік бір жыл қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды алуға арналған өтінімдерді қарау кезінде шетелдік рұқсаттардың саны осы Қағидаларда белгіленген мерзімде жоғалған және (немесе) қайтарылмаған шетелдік рұқсаттардың санына мөлшерлес азайтылады.

39. Қайтарылған шетелдік рұқсаттар аумақтық органдарда қайтарылған сәттен бастап бір жыл бойы сақталады.

40. Аумақтық органдар елдер бөлінісінде берілген, қайтарылған және жоғалған шетелдік рұқсаттардың есебін жүргізеді.

Қайтарылған шетелдік рұқсаттарды есепке алу көліктік дерекқордың ақпараттық талдау жүйесінде және тасымалдар қауіпсіздігі серпінінің мониторингінде (бұдан әрі - ТБД АТЖ) жүзеге асырылады және мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі;
- 2) отандық тасымалдаушының атауы;
- 3) рұқсат түрі;
- 4) рұқсаттың қолданылу мерзімі;
- 5) рұқсатты қайтару күні;
- 6) автокөлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі;
- 7) қайтарылған шетелдік рұқсаттың нөмірі;

41. Аумақтық органдар отандық тасымалдаушылардан өтінімдердің келіп түсуіне қарай КДҚ АТЖ пайдалана отырып, белгіленген мерзімде қызмет көрсетуді, сондай-ақ қайтарылған шетелдік рұқсаттар туралы мәліметтерді бір жұмыс күні ішінде енгізуді қамтамасыз етеді.

42. Отандық тасымалдаушыға шетелдік рұқсатты беруден:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) аумақтық органдарда шетелдік рұқсаттардың болмауы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы.

43. Отандық тасымалдаушыға күнтізбелік бір жыл қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсат берілген кезде бланктің тиісті бағандарына тасымалдаушының атауы, заңды мекенжайы, автокөлік құралының маркасы мен мемлекеттік нөмірі, жүру маршруты жазылады және мөртаңба басылып, рұқсат берген адамның қолы қойылады.

Шетелдік рұқсаттарда түзетулерге жол берілмейді.

4-параграф. Шетелдік тасымалдаушыларға отандық рұқсаттарды беру

44. Отандық рұқсаттар шетелдік тасымалдаушыларға тиісті жылға айырбасталған рұқсаттар есебінен олардың мемлекеттерінің құзыретті органдары береді.

Егер халықаралық шарттарда өзгеше ескерілмеген болса, осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес отандық рұқсаттардың қолданылу мерзімін автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің аумағында тіркелген, тасымалдаушы орындайтын халықаралық автомобиль жүк тасымалдары рұқсатсыз негізде жүзеге асырылады:

1) аумағында тасымалдаушы тіркелген Еуразиялық экономикалық одағына мүше мемлекет пен басқа мүше мемлекет арасында;

2) Еуразиялық экономикалық одағына мүше басқа мемлекеттердің аумағы арқылы транзитпен;

3) Еуразиялық экономикалық одағына мүше басқа мемлекеттер арасында.

Шетел мемлекетінің тасымалдаушылары Қазақстан Республикасында немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен жүктерді тасымалдауды Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шетел тасымалдаушысы тіркелген елдің құзыретті органдары берген рұқсаттар негізінде жүзеге асырады.

45. Отандық рұқсат, оның ішінде бірінші рейстің тасымалы жүзеге асырылған мемлекеттің аумағына Қазақстан Республикасының аумағынан кері бағытта жолшыбай жүк арту жағдайында бір жолсапар үшін жарамды болады.

"А", "D" түріндегі отандық рұқсаттар жөнелту пунктiнен межелi пунктке дейiн жарамды, "B" мен "C" түріндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан 90 километрге дейiн шегiнде орналасқан шекара маңы терминалдарына дейiн жарамды.

46. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік рейстен керi бағытта бара жатқан шетелдік жүк автокөлік құралына Қазақстан Республикасының аумағында iлеспе жүк тиеуге Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүрiп өтуi үшiн қосымша рұқсаты болған кезде ғана рұқсат етiледi.

Егер автокөлік құралы тiркелген елге тасымалдау жоспарланған болса, Қазақстан Республикасының аумағынан шығуға арналған қосымша отандық рұқсаттың болуы қажет.

Егер тасымалдау үшiншi елдердiң аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына немесе Қазақстан Республикасының аумағынан үшiншi елдердiң аумағына жоспарланған жағдайда тасымалдауларға, қосымша рұқсаттың болуы қажет.

47. Қазақстан Республикасының аумағынан автокөлік құралының тiркелу мемлекетi болып табылмайтын үшiншi мемлекеттiң аумағына керi бағытта бара жатқан шетелдік автокөлік құралына жолшыбай жүк артылған жағдайда, осы Қағидаларың 46-тармағында көзделген тасымалдауды қоспағанда, Қазақстан Республикасы аумағынан үшiншi елдерге тасымалдауды орындауға арналған қосымша отандық рұқсат болуы қажет.

48. Қазақстан Республикасының аумағына жүктiң жөнелту немесе межелi пунктi болып табылмайтын елдiң аумағына жүктi ауыстырып тиеу (тиеу/түсіру) арқылы үшiншi елдерден жүк тасымалдау Қазақстан Республикасының аумағына үшiншi елдерден тасымалды орындауға арналған рұқсат болған жағдайда жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағына үшiншi елдерден тасымалдау кезінде жүктiң жөнелту немесе межелi пунктi болып табылмайтын елдiң аумағында кедендік транзит аяқталмаған жүктi қазақстандық автокөлік құралына және бастапқы тасымалдаушының тiркеу елiнде тiркелмеген автокөлік құралына аударып тиеуге жол берiлмейдi.

49. Шетелдік автокөлік құралының тiркелу елiнiң аумағындағы заңнамаға сәйкес құрылған және тiркелген, үшiншi елдердiң кәсіпорындары мен филиалдарында өндiрiлетiн жүктердiң тасымалын жүзеге асыру кезінде, үшiншi елдерден/елдерге отандық рұқсаттар осы тасымалдардың мынадай iлеспе құжаттарымен расталған жағдайларда талап етiлмейдi:

халықаралық көліктік жүкқұжаты (CMR);

тауардың шығарылуы туралы сертификаты;

жүк жөнелтушiнiң немесе жүк алушының шетелдік тасымалдаушыға жүк тасымалына тапсырысы;

шот-фактура (инвойс);

ветеринариялық сертификат, фитосанитариялық сертификат, өнімдердің (тауарлардың) санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға (қажет болған жағдайда) сәйкестігі бөлігінде қауіпсіздікті растайтын құжат.

Бұл ретте, осы тасымал Қазақстан Республикасының аумағына кіруге отандық рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

50. Автокөлік құралы тіркелген елдегі жүктерді қайта тиеу (тиеу/түсіру) арқылы Қазақстан Республикасының аумағына үшінші елдерден жүктерді тасымалдауды басқа (әуе, теміржол, теңіз) көлік түрімен жүзеге асыру кезінде көрсетілген тасымалдар ілеспе құжаттармен (халықаралық көліктік жүкқұжат (CMR), шот-фактура (инвойс), коносамент, Халықаралық жолдық тасымалдау кітапшасы, фитосанитариялық сертификат және халықаралық автомобиль тасымалдарын іске асыру кезінде пайдаланылатын және автокөлік құралын тиеу орнын растайтын және осындай тасымалдауда оларға еріп жүретін басқа да құжаттар) расталған жағдайда, үшінші елдерге/елдерден отандық рұқсат қағаз талап етілмейді. Бұл ретте осы тасымалдау Қазақстан Республикасының аумағына кіруге арналған отандық рұқсаттардың негізінде жүзеге асырылады.

51. Қазақстан Республикасының аумағына жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде тартқышты немесе жүк автомобилін тасымалдаушының тіркеу мемлекетінде тіркелген басқа тартқышқа немесе жүк автомобиліне ауыстырып тіркеуге рұқсат етіледі.

52. Шетел тасымалдаушысында тасымалдаушының тіркеу мемлекетінің құзыретті органы растаған рұқсат бланкісі болмаған жағдайда, жүкті отандық көлік құралына қайта тиеуге әкімшілік жаза туралы қаулы орындалғаннан кейін рұқсат етіледі.

53. Өз мемлекетінің тіркеу және айырым белгісіз Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік жол жүретін шетелдік автокөлік құралының жүріп өтуі, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше ескерілмесе, Салық кодексімен белгіленген ставкалар бойынша Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасы төленгеннен кейін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде немесе мемлекеттік кіріс органдары Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде беретін транзиттік жол жүруге арналған рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

Жүкті немесе жолаушыларды үшінші елдердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына немесе Қазақстан Республикасының аумағынан үшінші елдердің аумағына тасымалдауларға көрсетілген автокөлік құралдарымен тасымалдауды жүзеге асыруға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға арналған, оның ішінде жүгі бар автокөлік құралдарын айдап өту кезінде ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсаттарды қоспағанда, рұқсат беру құжаттары талап етілмейді.

54. Мемлекеттерімен рұқсат беру құжаттарының бланкілерін тепе-тең айырбастау жүргізілмеген шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік жол жүруі, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше ескерілмесе, Салық кодексінде белгіленген мөлшерлемелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағымен автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасы төленгеннен кейін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде немесе мемлекеттік кіріс органдары Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде, соның ішінде халықаралық теңіз өткізу пункттерінде беретін транзиттік жол жүруге арналған рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

55. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өту құқығын растайтын отандық рұқсат беру құжаттарында Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде мемлекеттік кірістің аумақтық органдары немесе Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде аумақтық органдар:

1) Қазақстан Республикасының аумағынан автокөлік құралының күнтізбелік 30 күннен аспайтын шығу мерзімін;

2) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өту маршрутын көрсетеді.

Шетелдік автокөлік құралдарының транзиттік жүріп өтуі кезінде Қазақстан Республикасының аумағына келу және аумағынан кету мерзімдері баратын және кері де бағытта жүріп өту кезіндегі Қазақстан Республикасының аумағында нақты болу уақытымен айқындалады.

56. Шетелдік тасымалдаушылар Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өту құқығын растайтын отандық рұқсаттарда жол жүрер алдында мыналарды толтырады:

1) тасымалдаушының атауы мен оның толық мекенжайы;

2) автокөлік құралының нөмірі;

3) жүкті тиеу елі;

4) жүкті түсіру елі;

5) тасымалданатын жүктің атауы;

6) тасымалданатын жүктің салмағы.

Отандық рұқсаттарда түзетулерге жол берілмейді.

57. Бос шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп өтуі Қазақстан Республикасы ратификациялаған, Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасындағы халықаралық автомобиль қатынастары туралы халықаралық шарттарда көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

58. Шетелдік тасымалдаушылар көліктік бақылау органдарына Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасында берілген көлік құралының бақыланатын параметрлерінің сәйкессіздігі, құжаттардың жоқ болуы немесе сәйкессіздігі туралы хабарламалар береді.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті көліктік бақылау органы берген хабарлама орандалмаған кезде халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыруға және хабарламада көрсетілген маршруттан ауытқуға жол берілмейді.

59. Шетелдік тасымалдаушылар Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) кіру (шығу) кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріне жақын көліктік бақылау органдарына отандық рұқсат қағаздарын осы Қағидаларда көзделген талаптарға сәйкес ресімделуін тексеру, сондай-ақ отандық рұқсат бланкісінің үзбелі бөлігін алу үшін ұсынады.

Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға қажетті ілеспе құжаттар (халықаралық көлік жүкқұжаты (CMR), шот-фактура (инвойс), коносамент, Халықаралық жол тасымалдау кітапшасы және тағы басқа құжаттар) Қазақстан Республикасының заңнамасының және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына талаптарына сәйкес болуы және уәкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының талабы бойынша жүргізушілер ұсынылуы тиіс.

60. Егер Келісімдерде өзгеше көзделмеген болса, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өту құқығын растайтын рұқсат беру құжаттары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан екі пункт арасында шетелдік автокөлік құралдарының жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдауды жүзеге асыруына құқық бермейді.

Халықаралық қатынастағы жолаушылар, багаж және жүк тасымалын жүзеге асыратын сондай-ақ шетелдік автокөлік құралдарының транзитін, үшінші елдердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына немесе Қазақстан Республикасының аумағынан үшінші елдердің аумағына тасымалдауларды тіркеу, отандық рұқсат беру құжаттарын беруді тіркеу Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) кіруді (шығуды) шетел автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін, отандық рұқсат беру құжаттарын беруді тіркеу журналында электронды түрде жүзеге асырылады.

Журналда мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) шетел тасымалдаушысының атауы;
- 2) тасымалдаушының елі;
- 3) тасымалдаушының орналасқан (тұрғылықты) орны;

- 4) жөнелту елі;
- 5) межелі елі;
- 6) қатынау маршруты;
- 7) автокөлік құралының типі, маркасы;
- 8) автокөлік құралының және тіркемесінің нөмірі;
- 9) рұқсат түрі;
- 10) рұқсатты қолдану мерзімі;
- 11) рұқсаттың берілген күні және нөмірі (сериясы);
- 12) рұқсатты алған күні (рұқсат берілген кезде);
- 13) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өткені үшін алымды төлегенін растайтын құжаттың нөмірі (бар болса) және күні, алым сомасы (рұқсат берілген кезде);
- 14) рұқсат құжатын алу туралы тасымалдаушының қолы (қағаз түрінде рұқсат берілген кезде).

5-параграф. Рұқсат беру құжаттарын дайындау және есепке алу

61. Отандық рұқсаттар бланкілерінің нысандары баспаханалық тәсілмен дайындалады, реттік нөмірі және кемінде үш қорғану дәрежесі болады.

62. Жалпы қабылданған халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкес отандық рұқсат бланкісінде мынадай деректемелер болады:

- 1) тасымалдауды жүзеге асыру құқығын рұқсат беру құжаты растайтын тасымалдау түрі;
- 2) сериясы мен нөмірі;
- 3) қолданылу мерзімі;
- 4) тасымалдаушының деректемелері;
- 5) берілген орны және күні;
- 6) құзыретті органның қолы мен мөрі;
- 7) қозғалыс маршруты;
- 8) автокөлік құралының маркасы мен мемлекеттік нөмірі;
- 9) жүктің атауы;
- 10) автокөлік құралының жүксіз жабдықталған салмағы;
- 11) жүру жолындағы бақылаушы органдардың бланкінің үзбелік бөлігінде орналасқан белгілері мен мөріне арналған орындар;
- 12) бланкіні пайдалану бойынша негізгі нұсқаулар;
- 13) бланкінің негізгі және үзбелі бөліктеріндегі штрих-коды.

63. Автокөлік құралдарының жүріп өтуі кезінде бақылаушы органның белгісі бар отандық рұқсат бланкісінің үзбелі бөлігі бақылаушы органда қалады және аумақтық органдарға жіберіледі.

64. Отандық тасымалдаушыларға шетелдік рұқсат бланкілерін беру сенімхат болған жағдайда жүкқұжаттар бойынша (серияларын және шетелдік рұқсаттардың нөмірлерін көрсете отырып) жүзеге асырылады.

65. Жыл сайын 5 қаңтарға дейінгі мерзімде аумақтық мемлекеттік кірістер органдары пайдаланылмаған отандық рұқсаттарды алынған орны бойынша аумақтық органға қайтаруды жүзеге асырады.

66. Мемлекеттік аумақтық кірістер органдары ай сайын үшінші күннен кешіктірмей аумақтық органдарға Қазақстан Республикасының аумағы арқылы шетелдік автокөлік құралдарының жүріп өтуі бойынша есепті және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының жүріп өткені үшін алымды төлегені туралы түбіртектері бар жүкқұжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Қазақстан Республикасының
халықаралық қатынастағы
автомобильмен
тасымалдауларында рұқсат беру
жүйесін қолдану қағидаларына
I-қосымша

Нысаны _____

_____ (көліктік бақылау органының атауы)

Жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға, жүктерді тасымалдауға шетелдік рұқсатты алуға өтініш

_____ (дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе заңды тұлғаның атауы)

Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) / бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН)

_____ Жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға және жүктерді тасымалдауға мынадай

шетелдік рұқсаттар беруді сұраймын:

№ Р/с	Ел	Рұқсат түрі	Рұқсат жылы	Рұқсаттар саны

Мекенжайы _____

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон, факс)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Мөр орны (болған жағдайда))

* Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар үшін мөрдің болуы талап етілмейді.

Қазақстан Республикасының
халықаралық қатынастағы
автомобильмен
тасымалдауларында рұқсат беру
жүйесін қолдану қағидаларына
2-қосымша

"Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы бойынша жүріп өтуіне рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің аумақтық органдары
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	М ы н а л а р а р қ ы л ы : Мемлекеттік корпорация; портал.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап: халықаралық қатынаста жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығуы үшін алым сомасын төлеу үшін хабарлама беру (бұдан әрі - хабарлама) немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап - 2 (екі) жұмыс күні; жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға шетелдік рұқсатты немесе жүктерді тасымалдауға шетелдік рұқсаттарды беру (көрсетілетін қызметті берушіге алым сомасының республикалық бюджетке төленгенін растайтын төлем құжаты келіп түскен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде) - 1 (бір) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Қағаз түрінде жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға және жүктерді тасымалдауға шетелдік рұқсат (бұдан әрі - шетелдік рұқсат) не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
		Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі.

6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Халықаралық қатынаста жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығуы үшін алым "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген алым мөлшерлемемі бойынша республикалық бюджетке төленеді және алым төленген күні қолданыстағы бір мәртелік айлық есептік көрсеткішті қ ұ р а й д ы . Алым сомасын төлеу қолма - қол және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы немесе "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті берушіде - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі; 2) Мемлекеттік корпорацияда - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша, жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі, портал арқылы кезекті броньдауға болады; 3) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	Көрсетілетін қызметті алушы (не өкілеттігін растайтын құжат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құ ж а т т а р д ы ң т і з б е с і : 1) Мемлекеттік корпорацияға: жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап е т і л е д і) ; шетелдік рұқсатты алуға өтініш. ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, халықаралық қатынаста жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығуы үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат (хабарлама түскен сәттен бастап). 2) п о р т а л ғ а : порталда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу.
		Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер: 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет

9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) аумақтық органдарда шетелдік рұқсаттардың болмауы; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы. Шетелдік рұқсатты беруден бас тартылған жағдайда отандық тасымалдаушыға дәлелді жауап жіберіледі. Көрсетілетін қызметті алушы осы Стандарттың 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	1. Денсаулығы бұзылған, ағза функцияларының тұрақты бұзылуымен оның тыныс-тіршілігін шектейтін көрсетілетін қызметті алушыларға, қажет болған жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметкері 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығына жүгіну арқылы тұрғылықты жеріне барып жүргізеді. 2. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары мынандай интернет-ресурстарда орналастырылған: 1) Министрліктің - www.miid.gov.kz "Көлік комитеті" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі; 2) Мемлекеттік корпорацияның - www.gov4c.kz . 3. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. 4. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8 800 080 7777. 5. Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ-сы болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.

Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларына 3-қосымша (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) (бұдан әрі - Т. А. Ә.) немесе атауы көрсетілетін қызметті алушы ұйымының атауы)

(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының № __ бөлімі (мекенжайы: _____)

Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады _____
_____ Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты:

Жоқ құжаттардың атауы:

1) _____ ;

2) _____ ;

3) ...

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

_____ (Мемлекеттік корпорация қызметкерінің) Т. А. Ә. _____ (қолы)

Орындаушы. Т.А.Ә. _____

Телефон _____

Алды: _____

Көрсетілетін қызметті алушының Т. А. Ә. қолы

_____ жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасының
халықаралық қатынастағы
автомобильмен
тасымалдауларында рұқсат беру
жүйесін қолдану қағидаларына
4-қосымша

Нысаны

_____ (көліктік бақылау органының атауы)

Күнгізбелік бір жылға қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсатты алуға өтініш

_____ (дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе заңды тұлғаның атауы)

Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) / бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН)

_____ Күнгізбелік бір жылға қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға

арналған шетелдік рұқсатты мынадай көлік құралдарына беруді сұраймын:

№ р/с	Маршрут	Көлік құралының түрі/(класс)	Көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі

Мекенжайы

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон, факс)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Мөр орны (болған жағдайда))

* Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар үшін мөрдің болуы талап етілмейді.

Қазақстан Республикасының
халықаралық қатынастағы
автомобильмен
тасымалдауларында рұқсат беру
жүйесін қолдану қағидаларына
5-қосымша

"Халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағына (аумағынан) кіруге (кетуге) рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің аумақтық органдары
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	М ы н а л а р а р қ ы л ы : М е м л е к е т т і к к о р п о р а ц и я ; портал.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап: тұрақты негізде халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығуы үшін алым сомасын төлеу үшін хабарлама беру немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап - 2 (е к і) ж ұ м ы с к ү н і ; қолданылу мерзімі күнтізбелік бір жылға жолаушылар мен багажды тұрақты

		тасымалдауға арналған шетелдік рұқсатты беру (көрсетілетін қызметті берушіге алым сомасының республикалық бюджетке төленгенін растайтын төлем құжаты келіп түскен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде) - 1 (бір) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Қолданылу мерзімі күнтізбелік бір жыл болатын жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға шетелдік рұқсаты қағаз түрінде не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес күнтізбелік бір жылға шетелдік рұқсатты ала отырып, тұрақты негізде халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығуы үшін алым "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген алым ставкасы бойынша республикалық бюджетке төленеді және алым төленген күні қолданыстағы айлық есептік көрсеткіштің 10 еселенген алым сомасын құрайды. Төлеу қолма - қол және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы немесе "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті берушінің - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Құжаттарды қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша, жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі; 2) Мемлекеттік корпорацияның - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша, жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі, портал арқылы кезекті броньдауға болады; 3) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.
		Көрсетілетін қызметті алушы (не өкілеттігін растайтын құжат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі: 1) Мемлекеттік корпорация: жеке басын куәландыратын құжат ұсынылады (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі); шетелдік тасымалдаушымен бірлескен қызмет туралы шарттың көшірмесі.

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>колданылу мерзімі күнтізбелік бір жыл болатын жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға шетелдік рұқсатты алуға өтініш; ЭУТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес күнтізбелік бір жылға шетелдік рұқсатты ала отырып, тұрақты негізде халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығуы үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат (хабарлама түскен сәттен бастап).</p> <p>2) п о р т а л ғ а : порталда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сынен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу; шетелдік тасымалдаушымен бірлескен қызмет туралы шарттың электронды көшірмесі.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) аумақтық органдарда шетелдік рұқсаттардың болмауы; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы. <p>Қолданылу мерзімі бір күнтізбелік жыл болатын жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсатты беруден бас тартылған жағдайда, отандық тасымалдаушыға дәлелді жауап жіберіледі. Көрсетілетін қызметті алушы осы стандарттың 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.</p>
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<ol style="list-style-type: none"> 1. Денсаулығы бұзылған, ағза функцияларының тұрақты бұзылуымен оның тыныс-тіршілігін шектейтін көрсетілетін қызметті алушыларға, қажет болған жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметкері 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығына арқылы жүгіну арқылы тұрғылықты жеріне барып жүргізеді. 2. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары мынандай интернет-ресурстарда орналастырылған: <ol style="list-style-type: none"> 1) Министрліктің - www.miid.gov.kz "Көлік комитеті" бөлімінің "Мемлекеттік қызметтер" бөлімі; 2) Мемлекеттік корпорацияның - www.gov4c.kz. 3. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. 4. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8 800 080 7777. 5. Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК